



**"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ
БЮЛЛЕТЕНІ**

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қ., Е 10 к-сі, 17/12 үй.

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамының атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 10 көшесі, 17/12 үй.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесі болып табылады (2021 жылғы 1 сәуірдегі № 3/21 хаттама).

Бюллетеньдерді қабылдаудың басталатын күні 2021 жылғы 12 мамыр (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Бюллетеньдерді қабылдау аяқталатын күн - 2021 жылғы 19 мамыр 18 сағат 00 минутқа дейін (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша).

Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні 2021 жылғы 20 мамыр сағат 18:00-де (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша).

Бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірмелер:

• Күн тәртібінің мәселесі бойынша тиісті бағанға қол қоя отырып, Сізден шешімге қатысты дауыс беруіңізді сұраймыз.

• "ҚАРСЫМЫН" немесе "ҚАЛЫС ҚАЛДЫМ" дауыс берілген жағдайда акционер өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы, ол жазбаша түрде білдірілуі, оған акционер (немесе оның өкілі) қол қоюы және осы сырттай дауыс беру бюллетенінен жеке, қоса ұсынылуы тиіс.

• Бюллетень көк түсті пастамен немесе сиямен (шарикті қаламмен немесе қаламұшпен) толтырылуы тиіс.

• Дауыс беруші акционер дауыс беру нұсқаларының біреуін ғана белгілеуі керек.

• Дауыс беру нәтижелерін сызып тастауға, өшіруге және түзетуге, сондай-ақ бюллетеньді сызып тастауға және оның тұтастығын бұзуға жол берілмейді.

• Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень пошта арқылы жіберілуі немесе Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Е 10 көшесі, 17/12 үй мекенжайы бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ кеңсесіне қолма-қол әкеліп берілуі тиіс.

• Тапсыру күнінен кейін кеш алынған бюллетень кворумды анықтауға және дауыс беруге қатыспайды.

Акционер: _____ *

* (Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) / заңды тұлғаның атауы,
Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың немесе заңды тұлғаның тіркелгенін растайтын
құжаттың деректемелері,
Акционер өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), сенімхат деректемелері)

акционердің дербес шотының № : _____
Акционерге тиесілі акциялар саны: _____

(Қолы)

(Мөр қойылатын орын)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның 2020 жылға арналған (жеке және шоғырландырылған) жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

Бірінші мәселе: 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның (жеке және шоғырландырылған) 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

Дауыс беру мәселесі.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның 2020 жылға арналған жылдық (жеке және шоғырландырылған) қаржылық есептілігін осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

2. Жаңа редакциядағы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ дивидендтік саясатын бекіту туралы.

Екінші мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның дивидендтік саясатын жаңа редакцияда бекіту туралы.

Дауыс беру мәселесі.

1. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның дивидендтік саясаты осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін;

2. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 15 қазандағы шешімімен (№28/18 хаттама) бекітілген "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ дивидендтік саясатының күші жойылды деп танылсын;

3. Осы шешімнің 1-тармағына сәйкес бекітілген "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның Дивидендтік саясаты 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап және оны 2020 жылдың қорытындылары бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ дивидендтерінің мөлшерін есептеу кезінде қолдану күшіне енгізілсін.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

3. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның 2020 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2020 жылдың қорытындылары бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау туралы.

Үшінші мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның 2020 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2020 жылдың қорытындылары бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау туралы.

Дауыс беру мәселесі.

1. Қоғамның ("Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Z05T1X3, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е10 көшесі, 17/12 үй, БСН 970240000816, ЖСК KZ356010131000049659 (теңгемен) "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-да БСК HSBKKZKX, КБЕ 16) 2020 жылғы есепті қаржы жылындағы 183 540 484 000 (бір жүз сексен үш миллиард бес жүз қырық миллион төрт жүз сексен төрт мың) теңге сомасындағы шоғырландырылған таза табысын бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін:

- 150 081 888 351 (бір жүз елу миллиард сексен бір миллион сегіз жүз сексен сегіз мың үш жүз елу бір) теңге "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ акционерлеріне дивидендтер төлеуге жұмсалсын;

- 33 458 595 649 (отыз үш миллиард төрт жүз елу сегіз миллион бес жүз тоқсан бес мың алты жүз қырық тоғыз) теңге сомасындағы шоғырландырылған таза табыстың қалған бөлігі "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ иелігінде қалдырылсын;

2. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның бір жай акциясына 578 (бес жүз жетпіс сегіз) теңге 67 тиын есептегендегі дивиденд мөлшері бекітілсін;

3. 2020 жылдың қорытындылары бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің басталу күні – 2021 жылғы "15" шілде болып беелгіленсін;

4. 2021 жылғы "14" шілдедегі 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша 2020 жылдың қорытындысы бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні белгіленсін;

5. 2020 жылдың қорытындысы бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тәртібі дивидендтер төлеу басталған күннен бастап бір ай ішінде бір мезгілде бір төлеммен деп белгіленсін;

6. 2020 жылдың қорытындысы бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу нысаны ақшамен, қолма-қол ақшасыз төлеммен акционерлердің банктік шоттарына қаражат аудару жолымен деп белгіленсін.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

4. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат.

Төртінші мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат.

Дауыс беру мәселесі.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ акционерлерінен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның немесе "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштердің жоқтығы туралы ақпарат назарға алынсын.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

5. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК"АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.

Бесінші мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК"АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат.

Дауыс беру мәселесі.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2020 жылы есептелген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат назарға алынсын.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

6. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Алтыншы мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Дауыс беру мәселесі.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы шешімнің қосымшасына сәйкес енгізілсін.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

7. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы.

Жетінші мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы.

Дауыс беру мәселесі.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарды өтеу қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

8. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы.

Сегізінші мәселе: "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы.

Дауыс беру мәселесі.

1. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 8 (сегіз) адам болып белгіленсін.

2. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ акционерлерінің 2020 жылғы "18" мамырдағы Жылдық жалпы жиналысының (№1 хаттама) күн тәртібінің "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің құрамы туралы" оныншы мәселесі жөніндегі шешімінің 3-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Мамутова Асем Тлековна "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор болып сайлансын.

4. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі А.Т. Мамутованың өкілеттік мерзімі жалпы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін деп белгіленсін.

5. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы және шығындар өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттары осы шешімге қосымшаға сәйкес айқындалсын.

6. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мәселелері туралы» күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы «28» шілдедегі шешімінің (№ 2 хаттама) күші жойылды деп танылсын.

7. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Лонгфэллоу Нил Чарлз (Neil Charles Longfellow) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Дауыс беру нұсқалары:

Жақтаймын	Қарсымын	Қалыс қаламын

Жеке тұлғалар толтырады*

Т.А.Ә.	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер (нөмірі, берілген күні, кім берді, ЖСН)	Қолы

Заңды тұлғалар толтырады**

Акционер-заңды тұлғаның басшысы		
(Т.А.Ә)	(қолы)	(м.о.)

Ескертпе:

* Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып, жеке тұлға - акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

**Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (заңды тұлға - акционердің өкілі) қол қоюы тиіс.

***Акционердің өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

**** Жеке тұлға - акционердің немесе заңды тұлға - акционер басшысының немесе жеке тұлға – акционер өкілінің немесе заңды тұлға – акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз болып саналады.

****Дауыстарды санау кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.